



Атырау қалалық Мәслихаты депутаттығына № 1 және № 14 сайлау округтері бойынша кандидаттар үшін Атырау қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 06 наурыздағы № 217 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 20 наурызда № 2709 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 04 сәуірдегі № 333 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2013.04.04 № 333 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабын басшылыққа алып, 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 28 бабы 6 тармағы негізінде, қалалық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, қалалық аумақтық сайлау комиссиясымен келісе отырып, Атырау қаласы бойынша Атырау қалалық Мәслихаты депутаттығына № 1 және № 14 сайлау округтері бойынша кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары **б е л г і л е н с і н .**

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімі аппаратының жетекшісі **Б. Құсниевқа жүктелсін.**

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп, алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Айдарбеков

К Е Л І С І Л Д І :

Атырау қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы (келісім бойынша) А. Ғали

06.03.2013 ж.

Қ а л а л ы қ ә к і м д і к т і н ң

2013 жылғы 06 наурыздағы № 217

қаулысына қосымша

Атырау қалалық Мәслихаты депутаттығына № 1 және № 14 сайлау округтері бойынша кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

| № | Орналасқан жері |
|---|--|
| 1 | "Тұрғын үй қалашығы" шағын ауданындағы аялдама маңындағы тұғырлық |
| 2 | Ақсай селолық округі, Уәлиев көшесінде орналасқан Ақжар дәрігерлік амбулаториясы маңындағы стенд |
| 3 | Геолог селолық округі, № 65 а мекен-жайындағы кітапхана ғимараты маңындағы стенд |
| 4 | Қайыршақты селолық округі, Колхоз көшесі, № 2 мекен-жайындағы "Іңкар" дүкені маңындағы стенд |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК